

**Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен жоғары және үкіметаралық деңгейлердегі кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткен уағдаластықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдерін іске асыру мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 9 сәуірдегі N 2940 Жарлығы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 12.08.2010 № 1037 Жарлығымен.**

**Ескерту. Тақырыпқа және кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361 жарлығымен .**

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытының тұтастығын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен уағдаластықтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдерін іске асыруға бақылауды күшейту және оларды атқарудың бірыңғай тәртібін белгілеу мақсатында Қаулы Етемін: <\*>

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен жоғары және үкіметаралық деңгейлердегі кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткен уағдаластықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдерін іске асыру ережесі (қоса беріліп отыр) б е к і т і л с і н . < \* >

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361 жарлығымен .**

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен өзге де орталық атқарушы органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) тең төрағалары Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шарттары мен жоғары және үкіметаралық деңгейлердегі кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткен уағдаластықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдерін атқаруға бақылауды күшейтсін және Ережеде белгіленген тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз етсін. <\*>

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361 жарлығымен .**

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен өзге де орталық атқарушы органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар және бірлескен үкіметаралық комиссиялардың қазақстандық бөлігінің тең төрағалары Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерін қозғайтын халықаралық келіссөздерді жүргізу кезінде Қазақстан жағының айқындамасын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісіп алатын болсын және олардың нәтижелері бойынша ақпаратты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне у а қ т ы л ы б е р і п о т ы р с ы н . < \* >

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361 жарлығымен .**

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, өзге де орталық атқарушы органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары және бірлескен үкіметаралық комиссиялардың қазақстандық бөлігінің тең төрағалары өздерінің көпшілік алдындағы сөздері мен мәлімдемелерінің Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастары мен мемлекеттік мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының ресми айқындамасына сәйкес келетіні үшін дербес жауап береді деп белгіленсін.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстанның мемлекеттік мүдделерін қозғайтын өзекті халықаралық проблемалар бойынша Қазақстан Республикасының ресми айқындамасы жөнінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын жарты жылда бір рет х а б а р д а р е т і п о т ы р с ы н .

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361 жарлығымен .**

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Президентінің

1 9 9 6

ж ы л ғ ы

9 с ә у і р д е г і

N

2 9 4 0

Жарлығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен жоғары және үкіметаралық деңгейлердегі кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткен уағдаластықтарды іске асыру ережесі**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361**

жарлығымен .

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының шет елдермен және халықаралық ұйымдармен жасасқан халықаралық шарттары мен жоғары және үкіметаралық деңгейлердегі кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткен уағдаластықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдерін іске асыру тәртібін белгілейді. <\*>

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361**

жарлығымен .

2. Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының (бұдан былай - шарт) түрлері, сондай-ақ оларды жасасудың, орындаудың және күшін жоюдың бірыңғай тәртібі "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 Заң күші бар Жарлығымен белгіленген.

3. "Жоғары және үкіметаралық деңгейлердегі кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткен уағдаластықтар" (бұдан былай - уағдаластықтар) ұғымы халықаралық-құқықтық сипаты жоқ мынадай құжаттарда белгіленген міндеттемелер мен өзара түсіністікті білдіреді:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік және үкімет делегацияларының шет елдерге сапарлары мен шетелдік делегациялардың Қазақстан Республикасына осы тектес деңгейдегі сапарлары кезінде қабылданған бірлескен мәлімдемелері, декларациялары, коммюникелері мен басқа да құжаттары;

Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша қол қойылған немесе қабылданған ведомствоаралық сипаттағы бірлескен құжаттар;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кездесулері мен келіссөздерінің нәтижелері бойынша жасалған хаттамалар, меморандумдар, ноталар, хаттар мен тапсырмалар;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және оның орынбасарларының шет елдер, халықаралық ұйымдар, қаржы институттары, шетел компаниялары мен фирмаларының басшыларына жеке жолдаулары және хаттары.

3-1. "Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдері" (бұдан әрі - халықаралық ұйымдардың шешімдері) деген ұғыммен халықаралық ұйымдар органдарының олардың жарғылық құжаттарында көзделген тәртіппен қабылдаған шешімдері түсіндіріледі. <\*>

**Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361**

жарлығымен .

4. Шарттарда және уағдаластықтарда, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерінде айқындалған мәселелер өздерінің құзіретіне енетін Қазақстан Республикасының министрліктері мен өзге де орталық атқарушы органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының органдары) және бірлескен үкіметаралық комиссиялардың қазақстандық бөлігінің тең төрағалары аталған шарттар мен қол жеткізілген уағдаластықтар, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдері бойынша Қазақстан тарапы қабылдаған міндеттемелердің орындалуын тікелей қамтамасыз етеді. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының органдары белгіленген уағдаластықтар, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдері бар шарттың немесе құжаттың мәтінін алғаннан кейін екі апта мерзімде солар бойынша қабылданған міндеттемелерді орындау жөнінде нақты іс-шаралар әзірлейді және оларды іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ұсыныстар енгізеді. < \* >

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361 жарлығымен .**

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының мүдделі органдарының ұсыныстарын қорытындылауды қамтамасыз етеді, екі апта мерзімде нақты мерзімдер мен тікелей орындаушыларды көрсете отырып, жасалған шарттарды, қол жеткізілген уағдаластықтарды, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерін іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өкімінің жобасын әзірлейді және оны белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне енгізеді. < \* >

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361 жарлығымен .**

6 . < \* >

**Ескерту. 6-тармақ алынып тасталсын - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361 жарлығымен .**

7. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасының органдары оны белгіленген мерзімде орындау жөнінде тиісті шаралар қолданады және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне кемінде тоқсанына бір рет ақпарат табыс етіп отырады.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361 жарлығымен .**

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тапсырмаларды жоспарда көрсетілген мерзімде орындауға ағымдағы бақылау жасау жөніндегі

жұмыстарды жалпы үйлестіруді жүзеге асырады, халықаралық шарттар мен қол жеткен уағдаластықтарды, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерінің орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырудың барысы туралы қорытылған ақпаратты кемінде тоқсанына бір рет даярлайды және оны әрі қарай орындау жөніндегі ұсыныстармен бірге Қазақстан Республикасының Үкіметіне  
т а б ы с е т е д і . < \* >

Қазақстан Республикасының Үкіметі қажет болған жағдайда, бірақ кемінде жарты жылда бір рет жоғары деңгейде қол қойылған мемлекетаралық шарттарды жүзеге асырудың барысы туралы қорытылған ақпаратты даярлайды және оларды әрі қарай орындау жөнінде Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс  
е н г і з е д і .

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361 жарлығымен .**

9. Бақылаудан алып тастауды не іс-шаралар жоспарын орындауды жұмыс барысындағы бақылауға көшіруді Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі немесе ол болмаған ретте оның міндетін атқарушы адам жүзеге асырады.

10. Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялардың қазақстандық бөлігі өз мәжілістерінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен қол жеткен уағдаластықтарды, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерін атқару мәселелерін ұдайы қарап отырады және өз құзыреті шегінде оларды әрі қарай орындау жөнінде нақты шараларды жүзеге асырады, ал Қазақстан Үкіметінің шешім қабылдауын қажет ететін мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар  
е н г і з е д і .

Қажет болған жағдайда үкіметаралық комиссияның қазақстандық бөлігінің тең төрағасы Қазақстан Республикасының мүдделі органдарымен келісе отырып, шарттар мен уағдаластықтарды, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерін іске асыру жөніндегі мәселені үкіметаралық комиссияның бірлескен мәжілісінде қарау туралы ұсыныс енгізеді. <\*>

Үкіметаралық комиссиялар өз жұмысында "Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялар (комитеттер, кеңестер) туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 18 қаңтардағы N 62 қаулысымен бекітілген Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның (комитеттің, кеңестің) қазақстандық бөлігі туралы ережені басшылыққа алады және Қазақстан Республикасының Үкіметін осы бағытта істелген жұмыс туралы жарты жылда бір рет хабардар етіп отырады.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361 жарлығымен .**

11. Қазақстан Республикасының органдары өздерінің төралқа мәжілістерінде шарттар мен уағдаластықтарды, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерін атқару мәселелерін ұдайы қарап отырады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешім қабылдауын қажет ететін мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар енгізеді. < \* >

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361 жарлығымен .**

12. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен қол жеткен уағдаластықтардың, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шешімдерінің орындалуын жалпы байқауды, сондай-ақ бақылауды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен қол жеткен уағдаластықтарын іске асыруға байланысты Қазақстан Республикасы органдарының, сондай-ақ үкіметаралық комиссиялардың қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауында болады. < \* >

**Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.07. N 1361 жарлығымен .**